

Б.К. Базаркулова*, К.Т. Габдуллин

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: bazarkulova.bk@gmail.com

ИРАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ «ШЫҒЫСҚА БЕТБҰРЫС» БАҒЫТЫ

Соңғы жылдары Иран Ислам Республикасының сыртқы саясатында «Шығысқа бетбұрыс» бағытына басымдық беріліп келеді. Бұл бағыттың дамуы 1990 жж. басталды және Иранға Батыстың қысымы артқан сайын Шығыс елдерімен байланыстар тереңдей түсті. Бұл мақаланың мақсаты – ИИР сыртқы саясатындағы «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясының кезеңдері мен бағыттарын қарастыру. Салыстырмалы-тарихи және хронологиялық сараптау әдістері негізінде бұл стратегияның қалыптасу себептері, жүргізілу жолдары мен кезеңдері, қол жеткізген нәтижелерін анықтау мақсатында зерттеулер жүргізілді. Иран, Ресей және Батыс ғалымдарының мақалаларын сараптай келе, «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясының қалыптасуына әлемдегі геосаяси жағдайдың өзгеруі, Иранның ядролық бағдарламасына байланысты Батыстың қысымының күшеюі әсер етті деп түйін жасауға болады. «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясының негізгі бағыттары ретінде Иранның Ресей, Қытай және Үндістанмен байланыстары, соның ішінде ортақ саяси және экономикалық мүдделері сарапталды. Сондай-ақ Иранның халықаралық ұйымдарға қосылу саясаты қарастырылды. Шығыс елдерімен байланыстарды тереңдету елдің геосаяси және экономикалық мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған. «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясының мәні мен бағыттарын анықтау Иранның сыртқы саясатын және халықаралық қатынастардағы рөлін сараптауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Иран, сыртқы саясат, Шығысқа бетбұрыс, Ресей, Қытай, Үндістан, халықаралық ұйымдар.

B.K. Bazarkulova*, K.T. Gabdullin

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: bazarkulova.bk@gmail.com

The «Look to the East» in the foreign policy of Iran

In recent years, the «Look to the East» has emerged as a key strategic direction in the foreign policy of the Islamic Republic of Iran. This orientation began to take shape in the 1990s and has gradually intensified in response to growing Western pressure. This article aims to examine the stages and main dimensions of Iran's «Look to the East» strategy. Employing comparative-historical and chronological methods, the study investigates the causes of this policy shift, the mechanisms and phases of its implementation, as well as its outcomes. Drawing on the findings of Iranian, Russian, and Western scholars, the article argues that the evolution of this strategy has been significantly influenced by the changing global geopolitical landscape and the increasing pressure exerted by the West over Iran's nuclear program. The analysis focuses on Iran's relations with Russia, China, and India – particularly in terms of shared political and economic interests – as core elements of the «Look to the East» strategy. In addition, Iran's efforts to engage with international organizations are considered as part of this broader policy trajectory. Ultimately, the deepening of ties with Eastern countries is seen as a means to safeguard Iran's geopolitical and economic interests. Understanding the rationale and components of the «Look to the East» provides valuable insight into Iran's foreign policy and its evolving role in international affairs.

Keywords: Iran, foreign policy, look to the East, Russia, China, India, international organizations.

Б.К. Базаркулова*, К.Т. Габдуллин

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: bazarkulova.bk@gmail.com

«Поворот на Восток» во внешней политике Ирана

В последние годы во внешней политике Исламской Республики Иран приоритетным направлением является «Поворот на Восток». Развитие этого направления началось в 1990-х гг. и по мере усиления давления Запада на Иран связи со странами Востока углублялись. Целью данной статьи является рассмотрение этапов и направлений стратегии внешней политики ИРИ «Поворот

на Восток». На основе сравнительно-исторических и хронологических методов были проведены исследования с целью определить причины формирования этой стратегии, пути и этапы ее реализации, а также достигнутые результаты. Анализируя исследования иранских, российских и западных ученых можно сделать вывод, что на формирование стратегии «Поворот на Восток» повлияло изменение геополитической ситуации в мире и усиление давления Запада в связи с ядерной программой Ирана. Отношения Ирана с Россией, Китаем и Индией, включая общие политические и экономические интересы, были проанализированы как основные направления стратегии «Поворот на Восток». Также была рассмотрена политика Ирана по вступлению в международные организации. Углубление отношений со странами Востока направлено на защиту геополитических и экономических интересов страны. Определение смысла и направлений стратегии «Поворот на Восток» позволяет проанализировать внешнюю политику Ирана и его роль в международных отношениях.

Ключевые слова: Иран, внешняя политика, поворот на Восток, Россия, Китай, Индия, международные организации.

Кіріспе

Иранның сыртқы саясаты 1979 ж. ислам революциясынан кейін түбегейлі өзгерістерге ұшырады және күрделі кезеңдерден өтті. Революциядан кейін Иранда билікке келген ислам режимі Пехлеви билігінің «Батысты қолдау» саясатына қарсылық ретінде «Шығыс та емес, Батыс та емес, Ислам Республикасы» ұранын ұстанады. Иран Ислам Республикасы (ИИР) биполярлы кезеңдегі екі алпауыт держава АҚШ пен Кеңес Одағының үстемдігіне тікелей қарсылық таныта отырып, тәуелсіз сыртқы саясат жүргізуге көшеді.

Революциядан кейін Иранның Америкамен одақтастық саясаты тоқтатылады, алайда байланыстар сақталады. Жалпы, уақытша үкімет АҚШ-пен байланыстарды сақтауды қалады, ал Кеңес Одағына Иран қорқынышпен қарайды (Roomi, 2023:9). 1979 ж. қарашада АҚШ елшілігі қызметкерлері Иранда кепілдікке алынғаннан кейін Вашингтон тарапынан алғашқы санкциялар салынады, 1980 жылы өзара дипломатиялық байланыстар тоқтатылады. Аятолла Хомейнидің «ислам революциясын экспортқа шығару» ұстанымы және Иракпен соғыс, Израильді мойындамау саясаты Иранның аймақтық оқшаулануына әкеледі.

1980 жж. аяғында Иранның АҚШ-пен қарсыластығы сақталды, ал Кеңес Одағымен байланыстары реттеле бастайды. 1989 ж. аятолла Хомейни КСРО басшысы М.Горбачевке өзінің үндеуін жолдайды. 1989 ж. Иран парламентінің төрағасы Ә.Ә. Хашеми-Рафсанджанидің Мәскеуге ресми сапары нәтижесінде екі елдің арасында ұзақ мерзімді экономикалық және техникалық ынтымақтастық туралы келісім жасалады.

Осындай жағдайда АҚШ-тың негізгі қарсыласы болған Кеңес Одағының ыдырауы Иранды

қиын жағдайда қалдырады. ИИР биполярлы жүйеге қалай қарсылық танытса, бір полярлы жүйеге де қарсылығын білдіреді. Иран биполярлы кезеңнің аяқталуымен қалыптасқан бір полярлы жүйені қаламайды және қабылдамайды. Халықаралық қатынастардағы бұл өзгерістер Иранның сыртқы саясатын өзгерістерге ұшыратады. Биполярлы жүйенің жойылуымен Батыс та емес, Шығыс те емес стратегиясы мағыналық дағдарысқа ұшырайды және Иранның сыртқы саясатын теориялық және практикалық жағынан қайта құру қажеттігі пайда болады (Roomi, 2023: 12).

Халықаралық қатынастардағы биполярлы кезеңнің аяқталуымен, Иран–АҚШ қайшылықтарының күшеюімен Иранның сыртқы саясатында Шығыстық бағыттың дамуы басталады. Иранның «Шығысқа бетбұрыс» саясаты Шығыс елдерімен байланыстарды дамытуға бағытталған стратегия ретінде қарастырылады және ресми түрде Иранда «قرش مب هاگن», яғни «Шығысқа қарау» деп аталады.

Иран «Батыс та емес, Шығыс та емес» саясатының орнына одақтастықты дамыту бағытына көшеді. Үстемдікке қарсы күресу, тәуелсіздігін сақтау мақсатында Иран бір полярлы жүйеге қарсы мемлекеттермен ынтымақтасуға бет бұрады. Биполярлы кезеңде «Шығыс» тарапында болған мемлекеттер де Кеңес Одағының ыдырауымен АҚШ-тың бір полярлы жүйесін қабылдамады және бұл Иранның осы бағытқа, яғни «Шығысқа» бет бұруына әкеледі. Сондай-ақ, екінші жағынан, Иранның Таяу Шығыс аймағында оқшаулану жағдайы да «Шығыс» бағытының дамуына әсерін тигізеді. «Қырғи қабақ соғыстың» аяқталуы, Батыспен қайшылықтардың күшеюі, аймақтық бәсекелестіктің тереңдеуі Иранды Батыстан тағы да алыстата түсті және Ресей, Қытаймен жақындастыр-

ды деп жазады ирандық зерттеушілер (Sanaei, Karami, 2021: 26).

Бір полярлы жүйеде Иранның бейбіт атом саласындағы белсенділігі ядролық мәселені қалыптастырады. Иран ядролық бағдарламасын дамытуда Ресеймен одақтасады, Қытаймен байланыстар дамиды. Ядролық мәселеге байланысты Батыс және аймақ елдерінің басым көпшілігі тарапынан Иранға сенімсіздік қалыптасады, олардың арасында қайшылықтар тереңдей түседі. Иранның ядролық мәселесіне байланысты 2000 жж. ортасынан бастап Батыстың Иранға қарсы санкциялары күшейді. Осы кезеңде «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясы бойынша Иран сыртқы саясатында нақты қадамдар жасай бастайды.

«Шығысқа бетбұрыс» бағытын Ираннан басқа да Шығыс елдері өздерінің саясатында пайдаланған. Бұл бағыттың негізі – Шығыс елдерімен, соның ішінде экономикалық даму жетістіктері жоғары Жапония, Оңтүстік Корея, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері, сондай-ақ Қытай және Ресеймен экономикалық байланыстарды дамыту. Осы бағыт негізінде Шығыс елдерімен экономикалық байланыстарын Малайзия, Үндістан, Бангладеш дамытқан болатын.

Иранның «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясы бойынша негізгі географиялық аймақ ретінде Шығыс Азия, оның ішінде Қытай, Оңтүстік-Шығыс Азия, оның ішінде Малайзия, Оңтүстік Азияда Үндістан, сонымен қатар Ресей қарастырылады (Сейеди, 2024: 57). Иран үшін Шығыстық бағыт тек географиялық тұрғыдан ғана емес, осы бағыттағы байланыс жасайтын стратегиялық серіктестер ретінде қарастырылады. Иранның Шығыс бағытындағы байланыстар орнатқан мемлекеттердің мүдделері Иран сияқты АҚШ-пен ұштаспайды, АҚШ-пен байланыстары болса да, олар тәуелсіз сыртқы саясат жүргізеді. Осылайша Иран бір полярлы халықаралық жүйеде АҚШ-тың үстемдігіне қарсылығын білдіру үшін Ресей және Қытаймен ынтымақтасады және халықаралық жүйеде оның белсенділігі арта бастайды.

Иран ұлттық мүдделері мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Ресей мен Қытайдың жоғарғы күш-қуаты мен мүмкіндіктеріне сенім артады. Осы бағыт негізінде Иран осы екі мемлекетпен байланыстарын стратегиялық деңгейге көтеру саясатын ұстанды. Сондай-ақ Қытай мен Үндістан экономикасының қарқынды дамуына байланысты, бұл елдер Иран үшін жаңа технологиялардың көзі ретінде есептеледі. Малайзияның

тәуелсіз мұсылман мемлекеті ретінде экономикалық даму моделі Иранға үлгі ретінде қарастырылады.

Мақаланың негізгі зерттеу сұрағы – «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясының Иранның сыртқы саясатындағы орнын анықтау. Осы мақсатта «Шығысқа бетбұрыс» бағытының қалыптасуы және оның біртіндеп стратегияға айналу кезеңдері Иран президенттерінің биліктегі мерзімдерімен сәйкес қарастырылды. Осы стратегия негізінде Иранның Шығыс елдерімен екі жақты саяси және экономикалық байланыстары, соның ішінде Ресей, Қытай және Үндістанмен сарапталды. Сондай-ақ Иранның халықаралық аймақтық ұйымдар шеңберіндегі көп жақты байланыстары да сипатталды.

Материалдар мен әдістер

Иранның ядролық бағдарлама мәселесі, АҚШ-пен қарсыластығы, Таяу Шығыстағы саясаты үнемі саясаткерлер, зерттеушілер, сарапшылар назарында. Елдің сыртқы саясаты, соның ішінде «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясы көптеген ғылыми еңбектердің зерттеу нысаны болып табылады. Бұл мақаланы дайындау Шығыстық бағыттың қалыптасу себептерін, осы бағыттағы Иранның негізгі серіктестері Ресей, Қытай және Үндістанмен байланыстары, сондай-ақ осы бағыт шеңберіндегі Иранның халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы қарастырылған зерттеулерге негізделді. Иранның Шығыстық бағыты, соның ішінде Ресей және Қытаймен байланыстарына Иран, Ресей және басқа Батыс ғалымдары өздерінің еңбектерін арнаған. Халықаралық қатынастар мәселелерін зерттеп жүрген отандық ғалымдардың еңбектерінде жалпы Иранның сыртқы саясаты мәселелері қамтылғанымен, Шығыстық бағыт терең зерттелмеген.

Ядролық мәселеге байланысты Батыспен байланыстардың шиеленісуі, Иранның Шығыс елдерімен ынтымақтастығының күшеюі президент М.Ахмадинежадтың билікке келуімен басталады. Иран ғалымдары Адами (2010), Санаи, Карам (2021), Руми (2023), Сафари (2024) зерттеулерінде президент М.Ахмадинежад кезеңінен басталған Шығыстық бағыттың даму алғышарттары, Иранның Шығыстағы негізгі серіктестерімен байланыстарының дамуы қарастырылған. Ал ирантанушы Ресей ғалымдарының зерттеулерінде Иранның Ресеймен, Қытаймен әртүрлі саладағы өзара байланыстары тереңірек қарастырылады.

Биполярлы кезең аяқталғаннан кейін Иран саяси-экономикалық себептерге байланысты Шығыс елдерімен байланыстарын дамытады. Иранның Батыспен қайшылықтары тереңдеген сайын Шығыстық бағыт стратегиялық сипатқа ие бола бастады. Шығыстық бағыттың қалыптасуының алғышарттары тарихи жүйелілік әдісті қолдану арқылы сарапталды. «Шығысқа бетбұрыс» бағытының дамуы Иран президенттерінің билікте болу уақытымен бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Әр кезең президенттердің реформаторлық немесе консервативтік көзқарастарына байланысты және Батыстың ұстанымына байланысты өзінің ерекшеліктерімен сипатталады. Хронологиялық сараптау әдісі негізінде осы кезеңдердің даму ерекшеліктері зерттелді.

Мақаланың негізгі зерттеу сұрағы «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясының Иранның сыртқы саясатындағы орнын анықтау болып табылады. Иранның сыртқы саясатын қарастырған мақалалар Шығыстық бағыттың дамуының әртүрлі мәселелерін қамтиды. Мақаланың мақсаты – осы зерттеулер негізінде Иранның Шығысқа бетбұрыс стратегиясының бағыттары мен кезеңдерін анықтау.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

1990 жж. Иранның сыртқы саясатындағы Шығыстық бағыт ішкі, сыртқы факторларға байланысты басымдыққа ие болмады. Ал 2000 жж. ортасынан бастап ядролық мәселеге байланысты Батыстың қысымының артуы Иранның сыртқы саясатындағы Шығысқа ұмтылыс бағытын күшейтіп, оны ерекше стратегияға айналдырады. Бұл стратегияның арнайы құжаты қабылданбағанымен Иран Шығыстағы серіктестерімен байланыстарды тереңдету саясатын жүргізіп келеді. Геосаяси және геоэкономикалық мүдделер тұрғысынан Иран Шығыстық бағытта екі жақты және көп жақты байланыстарды дамыту және күшейту бағытын ұстанады. Президент Ахмадинежад тұсында Шығыс бағытында нақты қадамдар жасала бастайды. Осы кезеңде бұл стратегияның негізін қалаушы ретінде Иранның Ұлттық қауіпсіздік Жоғарғы кеңесінің бұрынғы хатшысы Ә.Лариджани есімі аталады (Qandil Abbas, 2023:64). Ол осы бағыт негізінде Ресей және Қытаймен әскери, технологиялық және экономикалық салаларда ынтымақтастықты дамытып кеңейтуге жол салады. Екінші рет бұл бағыт 2018 ж. АҚШ Иранмен жасалған «ядролық келісімнен» шығып кеткеннен кейін күшей-

ді. Иранның рахбары аятолла Хомейни 2018 ж. ақпанда «Шығысқа бетбұрыс» бағытын басты сыртқы саяси міндет деп жариялаған болатын (Зелтынь, 2024: 181).

«Шығысқа бетбұрыс» бағытына байланысты Иран саясаткерлері, саяси сарапшылар және иран қоғамы тарапынан әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Шығыс елдерімен тығыз байланыстарды консерваторлық топтар қолдайды. Ал реформаторлар Шығыспен байланыстардың маңыздылығын мойындай отырып, Батыспен байланыстарды дамытуға басымдық береді. Консерваторлар мен реформаторлар арасындағы орта топтар Шығыс стратегиясын Батысқа қарсы емес, оның әсерін азайту тәсілі деп қабылдайды. Олар бұл бағытты стратегиялық және ұзақ мерзімді деп қабылдамайды. Ал Ирандағы ислам режиміне қарсы топтар «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясын қабылдамайды және бұл бағытты үкіметтің мүддесі ретінде қарастырады (Sanaei, Karami, 2021: 42).

Сейед Кандиль Аббас өзінің зерттеуінде Иранның «Шығысқа бетбұрыс» саясатының екі негізгі факторын атап көрсетеді. Біріншісі, Иранға Батыс қысымының артуы, санкциялардың жариялануы. Екіншісі, Азиялық державалардың, соның ішінде Қытайдың экономикалық дамуының күшеюі (Qandil Abbas, 2023: 65).

«Шығыстық» бағытта Иранның негізгі серіктестері ретінде Ресей, Қытай, Үндістан қарастырылады. Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» және Үндістанның «Солтүстік – Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізі жобаларында Иранның маңыздылығы жоғары. Бұл мемлекеттер саяси, экономикалық және қорғаныс саласындағы мүмкіндіктеріне байланысты халықаралық қатынастардың белсенді мүшесі болып табылады. Осы жағдайлар Иранның бұл елдермен байланыстарына жағымды ықпал жасауда және мүдделер тұрғысынан Иран үшін тиімді. Шығыстық бағыт Иранның бұл елдерге тәуелділігін білдірмейді, алайда өзара байланыстарда басымдық Шығысқа беріледі. «Шығысқа бетбұрыс» саясатын ұстанудағы мақсат – Батыстың санкцияларына қарсылық көрсету, экономикалық қиындықтарды жою, көрші елдермен байланыстарды жақсарту, Ресей және Қытаймен байланыстарды күшейту.

«Шығысқа бетбұрыс» бағытының дамуы 1990 жж. басталады. Иранда «Хомейни кезеңінен» кейін президент Ә.Ә.Хашеми-Рафсанджани тұсында (1989-1997 жж.) Иранның сыртқы саясатында прагматизмге басымдық беріледі.

Оның билігі тұсында Хомейниден кейін алғашқы рет АҚШ және Еуропа елдерімен байланыстарды реттеу туралы айтыла бастайды. Елді оқшаулану жағдайынан шығару және Иракпен соғыстан кейінгі экономикалық қиындықтарды шешу үшін Ресей, Қытай, Үндістанмен байланыстарын дамытуға көшеді. Иранның сыртқы саясатында Иранның рөлі өсе бастайды. Кеңес Одағының ыдырауы және АҚШ-тың санкциялық қысымының салдары Иран билігінің Ресейге байланысты саясатының өзгеруіне әкеледі. Иран Ресеймен тарихи бәсекелестігін тоқтатып, Шығысқа бетбұрыс саясатында оны Қытаймен, Үндістанмен қатар қояды. Атом саласындағы технологияларға және қорғаныс саласының құралдарына сұраныс, АҚШ-тың қысымы мен санкцияларына байланысты жаңа халықаралық жүйеде өзінің қауіпсіздігі мен билігін сақтау үшін Иран Ресеймен жақындасуға мәжбүр болады. Ресеймен 1992 ж. Бушерде атом электр станциясын салу туралы келісім жасалады. Хашеми-Рафсанджани 1996 ж. Үндістанға сапармен барады. Алайда, бұл кезеңде Шығыстық бағыттың дамуы Иран үшін басты стратегия болмады және Шығыс елдерімен байланыстарды тереңдетуге көптеген факторлар кедергі жасады. Иран Ресей, Қытай және Үндістанмен байланыстарын дамытқанымен, бұл елдер сол кезеңде АҚШ-пен байланыстарын ушықтырғысы келмеді.

Иран президенті Хатами (1997-2005жж.) Батыспен шиеленістерді мәдени байланыстар, ынтымақтасу арқылы азайтуға тырысты. Ол Батыспен байланыстарды реттеу туралы ашық айтады. Хатами үкіметі Еуропа елдерімен жақындасып, оларға басымдық бергенімен Шығыс бағытында байланыстар сақталды. Ресеймен байланыстар кеңейе түсті. Орталық Азия және Кавказ елдері де ортақ мәдени ұқсастықтарға байланысты назардан тыс қалмады. 2000 ж. М.Хатамидің Қытайға сапары екі ел арасындағы бетбұрыстық кезең болды.

«Шығысқа бетбұрыс» бағытының маңызды кезеңі ретінде 2005 ж. президенттік билікке келген М.Ахмадинежадтың кезеңі (2005-2013 жж.) қарастырылады. Оның билігі тұсында Шығыстық бағыт Иран сыртқы саясатының маңызды стратегиясына айналады. Ахмадинежад тұсында Иранның ядролық бағдарламасы елдің сыртқы саясатына үлкен әсерін тигізеді. Халықаралық жүйе де Шығыстық бағыттың қалыптасуына әсерін тигізді. 2001 ж. 11 қыркүйек оқиғасынан кейін АҚШ Иранды зұлымдық шең-

бері елдері қатарына қосады. Сондай-ақ Иранды АҚШ-тың ядролық қару жасауда деп кінә тағуы, қауіпсіздік тұрғысынан сенімсіздік танытуы да Иранды Шығысқа бетбұрыс жасауға мәжбүрлейді (Askari, Zarei, 2020: 248).

Хатами үкіметі Батыспен байланыстарын реттегісі келсе, Ахмадинежад үкіметі Батысты, соның ішінде АҚШ-ты Ислам Республикасына қауіп ретінде қарастырады. Оның тұсында ядролық мәселеге байланысты Батыс қысымының күшеюі Иранның сыртқы саясатындағы Шығысқа үмтылысының рухтық және моральдық шарттарын дайындады деп айтылады (Roomi, 2023: 12). Ядролық бағдарламасын дамыту күшейген сайын, Иранға Батыстың санкциялары да күшейе түседі және аймақ елдерінің де Иранға қарсы саясаты артады. М.Ахмадинежадтың Израильге қарсы үндеулері де Иранның Батыспен қайшылықтарын күшейтеді және Иран тарапынан да Батысқа сенімсіздік қалыптасады. Консерваторлық көзқарастағы М.Ахмадинежадтың сыртқы саясатына, оның АҚШ пен Израильге қарсы көзқарасына аятолла Хаменеи де қолдау көрсетеді (Askari, Zarei, 2020: 247). Билік Шығысқа бетбұрыс жасайды және президент Иранның Ресей, Қытай, Үндістанмен және Шанхай Ынтымақтастық Ұйымымен ынтымақтастығының маңыздылығын атап көрсетеді (Адами, 2010) Ядролық мәселе бойынша Батысқа қарсы тұру үшін Ресей мен Қытайдың әлеуетін пайдалануға тырысты. М.Ахмадинежадтың «Шығысқа бетбұрыс» бағыты сыртқы саясаттағы Батыс елдерімен байланыстардың баламасы ретінде қарастырылды және Батысқа қарсылық таныту тәсілі болып табылды.

М.Ахмадинежад Шығыс елдерімен, соның ішінде Қытаймен байланыстарды дамытуға баса назар аударады. Қытаймен сауда байланыстары кеңейеді. Ахмадинежад тұсында Иранның Батыспен қарсыластығы шегіне жетті, Иранға қарсы санкциялар салынды. Бұл жағдайдың салдары артынша Иранды Шығысқа, Ресейге жақындатты. Ресеймен қорғаныс саласындағы байланыстар күшейеді. Бұл кезеңде Иран Шығыс елдерімен байланыстарды дамытуда біраз жетістіктерге қол жеткізді. Иран осы бағыт аясында Батысқа қарсы бағытты ұстанатын Оңтүстік Америка мен Африка елдерімен байланыстарын дамытуға көшеді. Алайда Иран мен оның Шығыс серіктестері арасында өзара сенім мәселелері, Батыстың қысымы және аймақтық бәсекелестік осы кезеңде олардың арасындағы күрделі қиындықтар туғызады. 2006-2010 жж.

аралығында Иранның ядролық бағдарламасына байланысты БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Иранға қарсы қарарлар қабылдайды. Ресей мен Қытай Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері ретінде бұл қарарларды колдап дауыс береді (Сейеди, 2024: 56).

Президент М.Ахмадинежад Шығыс елдерімен байланыстарды тереңдету үшін көп жақты мүмкіндіктерді де пайдаланады. Иран 2005 ж. ШЫҰ-да бақылаушы мәртебесіне ие болады. 2008 ж. Иран Шанхай ұйымына толық мүше болу өтішініне қарамастан сол кездегі Иранның ядролық мәселесі ушығып тұрған жағдайда, бұл ұйымға қабылданбады. Экономикалық ынтымақтастық ұйымы және Каспий жағалауындағы мемлекеттермен байланыстарды дамытуға басымдық беріледі. 2007 жылы Тегеранда Каспий жағалауындағы мемлекеттердің II саммиті өткізіледі (Sazmand, 2019: 99).

2013 ж. Иранда президенттік билікке реформаторлық бағытты ұстанатын Хасан Роуханидің келуімен Иран мен Батыс арасында ядролық бағдарлама бойынша келіссөздерге жол ашылады. 2015 ж. Иран мен БҰҰ ҚК бес тұрақты мүшесі және Германия арасында «ядролық келісімге» қол жеткізіледі. Батыспен бұл келісімнің жасалуы Иранның сыртқы саясатындағы тепе-теңдікке әкеледі. 2015 ж. Иран мен жасалған ядролық келісімнен кейін Хасан Роухани Батыспен байланыстарға көңіл аудара бастайды. Бұл Иран Шығыстан бас тартты дегенді білдірмеді. Осы кезеңде Ресеймен байланыстар Ахмадинежад кезеңіне қарағанда тереңдей түсті. Ядролық келісім, оны сақтау, геосаяси шиеленістер, мысалы Сирия мәселесі, НАТО-ның Шығысқа кеңею мәселесі екі мемлекетті тағы да жақындастыра түскен еді.

Алайда АҚШ президенті Д. Трамптың 2018 ж. «ядролық келісімнен» шығуы Иран мен Батыс арасындағы қайшылықты қайта күшейтіп, «Шығыс бағытының» рөлін қайта күшейтеді. Америка тарапынан Иранға ең жоғары қысым жасалады, екі ел арасындағы қайшылықтар күшейіп кетеді. АҚШ тарапынан Ислам революциясының сақшылары корпусы лаңкестік ұйым ретінде жарияланады, Иранның әскери қолбасшысы генерал Касем Сулеймани өлтіріледі. Көршілермен достық саясаты 2019 ж. сол кездегі Иран президенті Хасан Роухани бастамасымен дами бастады. Бұл саясаттың мақсаты – аймақтық оқшалану жағдайынан шығу және Иранға қарсы араб-израиль одағының қалыптасуына қарсы тұру. Жалпы президент Роухани Еуразия-

лық мемлекеттермен байланыстарды тереңдетуге күш салды.

Консерваторлық көзқарастарды ұстанатын Ибрахим Раисидің 2021ж. президенттік билікке келуімен «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясының Иранның сыртқы саясатында маңыздылығы артады. Раиси тұсында «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясын Иран геэкономикалық және геосаяси тұрғыдан ұстана бастайды (Сейеди, 2024:51). «АҚШ-тың «ядролық келісімді» қайта қалпына келтірмеуі және Иранға қарсы санкциялардың күшеюі Шығыс елдерімен байланыстарды тереңдетуге итермелейді. Бұл саясаттың негізі Батыстың қысымына қарсы тұрып, өзін-өзі қамтамасыз ететін қоғам құру. Раиси Азия елдерімен байланыстарды күшейту және халықаралық ұйымдардағы мүше болу саясатын ұстанады. Ол Ресей мен Қытайды сенімді серіктес ретінде қарастырады. Раиси билігі тұсында Иранның Шығысқа бағытталған саясаты нақты жүзеге асырыла бастады. Иран мен Қытай арасында 1921 ж. стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойылады, Ресеймен сауда байланыстары кеңейеді. Сондай-ақ Иран халықаралық қатынастарда маңызды орынды иеленетін, негізінен Ресей мен Қытай қатысатын халықаралық ұйымдардың мүшесі болу саясатына көшеді. Иран 2023 ж. Еуразиялық экономикалық Одақпен еркін сауда аймағы туралы толыққанды келісім жасайды, осы жылы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына, ал 2024 ж. қаңтарда БРИКС ұйымына мүшелікке қабылданады.

2024 ж. 19 мамырда ИИР президенті Ибрахим Раиси тікұшақ апатынан қайтыс болды. Мерзімінен бұрын өткізілген сайлаудың нәтижесінде 5 шілдеде президент болып реформаторлық бағытқа жататын Масуд Пезешкиан сайланды. Раисидің жақтастары Пезешкианның билікке келуімен Раисидің Шығыста жеткен жетістіктері жоққа шығарылады деген ойларды айтты. Сондай-ақ оның билікке келуімен ядролық келісім қайта жаңғыруы мүмкін деген үміт болды, ол сайлау алдында Батыспен жаңа келіссөздер жүргізуге шақырған болатын. Иран-АҚШ байланыстары 2025 ж. билікке келетін АҚШ президентінің Иранға байланысты ұстанатын саясатымен байланыстырылды (Зелтынь, 2024: 191).

Екінші рет президенттік билікке келген Д.Трамптың Иранға байланысты көзқарастары өзгермеді. Ол Иранды жаңа шарттармен «ядролық келісім» жасауға шақырды және бұл шарт орындалмаған жағдайда Иранға қарсы күш қолдану саясаты туралы ескертті. Қазіргі кезеңде

Иран мен АҚШ арасында жаңа «ядролық келісім» бойынша келіссөздер кезеңдері өтуде. Егер екі мемлекет өзара уағдаластыққа келе алса, бұл Иран үшін де және әлемдік қауымдастық үшін де тиімді болары сөзсіз. Иран ядролық бағдарламасының дамуын шектей отырып, Батыс санкцияларының қысымын азайтар еді. Қазіргі жағдайда Иран Шығыстық стратегиясын дамытуда, соның мысалы, 2025 ж. қаңтарда Ресеймен стратегиялық келісімнің жасалуы.

«Шығысқа бетбұрыс» бағыты тек Батысқа қарсылық көрсету емес, көп қырлы, көп өлшемді стратегия ретінде қарастырылады (Sanaei, Karami, 2021). Шығыстық бағыттың геосаяси тұрғыдан дамуы Иранның Таяу Шығыс аймағындағы оның экономикалық, әскери және адам ресурстары әлеуетімен байланыстырылады. Таяу Шығыс аймағының негізгі мемлекеті ретінде Иранның геостратегиялық тұрғыдан тиімді орналасуы оның Таяу Шығысты, Парсы шығанағын Оңтүстік Азия, Орталық Азия және Кавказбен байланыстыратын негізгі күш екенін көрсетеді.

Иранның Шығыстық саясаты Батыс қысымына қарсы тұруды мақсат ететін идеология ғана емес, бұл саясаттың геоэкономикалық, геостратегиялық, қауіпсіздік саласында және халықаралық саясатта іс жүзінде өзінің элементтері бар деп көрсетіледі (Sanaei, Karami, 2021: 29). «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясының бір бағыты ретінде қауіпсіздік саласында Иран негізінен Ресеймен ынтымақтасады. АҚШ пен Израиль негізгі қарсыластар ретінде Иранға қауіп төндіруші күштер ретінде саналады. Ал Иранның Ресеймен байланыстарында әскери-қорғаныс саласы басымдық жасайды. Ресей Кеңес Одағының тікелей мұрагері ретінде Кеңес Одағы тұсында жасалған келісім бойынша Иранмен қорғаныс саласындағы байланыстарын жалғастырған болатын. Иран 1992 жылдан бастап Ресеймен байланыстарын дамытуға көшеді. Екі ел арасындағы байланыстар 1994 ж. шах заманында құрылысы басталаған Бушер АЭС құрылысын аяқтау туралы Ресеймен келісімнің жасалуы арқылы жалғасын табады. 2001 ж. Ресей Федерациясы мен Иран Ислам Республикасы арасында өзара байланыстардың негіздері және ынтымақтастықтың принциптері туралы Келісімге қол қойылады. 2012 жылға дейін Иран-Ресей байланыстары бір қалыпты болмады, өзара байланыстар бірде өрлеу, бірде құлдырау кезеңдерін бастан кешірді. Ал осы уақыттан кейін екі ел байланыстары тұрақты түрде дами бастады. Иранның Ресеймен

байланыстары әртүрлі салаларда, мысалы, қорғаныс, сауда-экономикалық, ғылым-білім, мәдениет дамуда. 2022 ж. бастап Украина мәселесі Ресей мен Иранды тағы жақындастырды. Украина мәселесіне байланысты Ресейдің Батыспен байланыстарының шиеленісуі, екі елге салынған санкциялар Иран мен Ресей арасындағы сауда-экономикалық байланыстарға жағымды әсерін тигізді.

Иран мен Ресейді ортақ геосаяси стратегиялар жақындастырады. Көпполярлы жүйе құру ұстанымдары екі мемлекетке де ортақ. Ұлттық мүдделерді қорғау, соның ішінде Орталық Азия, Закавказье, Таяу Шығыс аймақтарында тұрақтылық пен қауіпсіздікті күшейту саясатын екі мемлекет те ұстанады (Чабиева, 2024: 91). Иран Ресеймен ЕАЭО және ШЫҰ шеңберінде өзара байланыстарын дамытуда. Сондай-ақ 2000 ж. Иран, Ресей және Үндістан арасында жасалған Солтүстік-Оңтүстік халықаралық көлік дәлізі бойынша да негізгі рөл атқарады. Иран да Ресейдің НАТО-ның Шығысқа кеңею саясатына қарсылығын қолдайды. 2025 ж. 17 қаңтарда Иран президенті М.Пезешкианның Мәскеуге сапары барысында Иран мен Ресей арасында жан-жақты стратегиялық серіктестік туралы Келісімге қол қойылды. Бұл құжат бойынша екі мемлекет өз мүдделерін ескере отырып, барлық салаларда өзара байланыстарды дамытуға мүдделі.

Иранның «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясында геоэкономикалық факторларға басымдық беріледі, ол Шығыс Азияның, соның ішінде Қытайдың экономикалық өрлеуімен байланыстырылады. «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясы бойынша Иранның маңызды экономикалық серіктесі – Қытай. Иранның Қытаймен байланыстары Иракпен соғыс жылдары белсенді түрде дами бастады. Қытай да Иранмен байланыстарды дамытуға қызығушылық танытады. Экономикалық дамуы қарқынды бастаған Қытай үшін Иран экономикалық серіктес, тауарларын шығару нарығы ретінде қарастырыла бастайды. Өзара байланыстар негізінен энергетикалық, сауда-экономикалық және әскери салаларды қамтиды. Иран Қытайдан қару-жарақ сатып алумен қатар, оның технологиясын да әртүрлі зымырандар дайындауда пайдаланған. Энергетикалық саладағы байланыстар да өзара мүдделерге негізделген. Иранның мұнай экспорты экономикасы жоғары қарқынмен дамып жатқан Қытай мен Үндістанға бағытталған. Ал Қытайдың энергетикалық қауіпсіздігі Таяу Шығыс аймағындағы елдердің энергетикалық қорларына байланысты.

Сондай-ақ ҚХР Иранның энергетика секторына қомақты инвестиция салып келеді. 2000 жж. басынан екі ел арасында тығыз ынтымақтастық орнайды және екі ел ынтымақтастығы жоғарыда аталған салалардан басқа, мәдени, білім-ғылым, қауіпсіздік, көлік салаларын да қамтыған.

Иран-Қытай байланыстары дами келе стратегиялық серіктестік деңгейіне дейін көтерілді. Екі мемлекет арасындағы осындай ынтымақтастықты қалыптастыру саясаты 2016 жылдан басталады. Осы жылы ҚХР-дың төрағасы Си Цзиньпин Тегеранға ресми сапармен барды. 2021 ж. наурызда Х.Роухани билігінің соңына қарай Иран Қытаймен экономикалық, әскери және технологиялық салалардағы стратегиялық әріптестік туралы 25-жылдық келісімге қол қояды. Бұл келісім бойынша екі елдің арасында экономикалық және әскери-техникалық ынтымақтастық маңызды орынды иеленеді. Сондай-ақ бұл келісім бойынша 25 жыл ішінде Қытай Иранға 400 млрд доллар инвестиция салады, ал Иран Қытайға үздіксіз мұнай сатуын жалғастырады (Qandil Abbas, 2023: 66). Иран Қытайдың «Бір жол– бір белдеу» саясатында оның маңызды серіктесі болып табылады. Иран Қытай үшін Таяу Шығыс аймағындағы маңызды серіктес ретінде қарастырылады. Әрине, Иранның Қытаймен ынтымақтастығында әртүрлі мәселелер бар. Мысалы, Қытайдың Иранның аймақтағы бәсекелестері Израиль және араб елдерімен байланыстары, Иран да Қытайға тәуелді болуды қаламайды. Қытай да Ресей билігі сияқты 2022 ж. желтоқсанда Иран мен БАӘ арасындағы даулы үш арал бойынша Әмірліктің ұстанымын қолдау көзқарасын білдірді.

«Шығысқа бетбұрыс» стратегиясы бойынша Иран Оңтүстік Азияда Үндістанмен байланыстарды дамыту бағытын ұстанады. Екі мемлекетті ортақ геосаяси мүдделер жақындастырады. Екі ел де бір полярлы жүйеге қарсы және халықаралық қатынастар жүйесінде дамушы елдердің рөлін күшейтуге ұмтылады (Федорова, 2018: 359). Үндістан Иранның өзіне қауіп төндіретін мемлекет ретінде қарастырмайды. Иранның Үндістанмен ШЫҰ және БРИКС шеңберінде ынтымақтастығы дамуда. «Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізі жобасы аясында Ресей, Үндістан және Иранның мүдделері тоғысады. Олардың саяси және экономикалық ынтымақтасу әлеуеті өте жоғары. Чабахар порты осы саясаттың маңызды бөлігі болып табылады. Бұл порт Иранның оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Чабахар порты арқылы Иран Үнді мұхи-

тына тікелей шыға алса, Үндістан Пәкістанның аумағынан тыс Парсы Шығанағы және Еуропа елдеріне транзиттік жолды пайдалана алады. Иран-Үндістан арасындағы ортақ саяси және экономикалық мүдделер мен мүмкіндіктерге қарамастан, Тегеран мен Дели байланыстары одақтық деңгейге көтерілмеді. Иран мен Үндістанның өзара жақындасуына негізгі кедергі ретінде АҚШ көрсетіледі, сондай-ақ оның Сауд Арабиясы мен Израильге жақын болуы айтылады (Roomi, 2023 :17).

Шығыстық бағытта Иран Ресей, Қытай және Үндістан елдерімен байланыстарын дамытып, аймақтағы оқшаулану және Батыстың қысымына қарсы тұру саясатын қазірге дейін жүргізіп келеді. Бұл мемлекеттер де өздерінің экономикалық мүдделерін реттеуде АҚШ пен Иран арасында орасан икемділік танытуда (Sanaci, Karami, 2021: 28).

ИИР Шығыстық бағытта өзінің саяси және экономикалық мүдделеріне қол жеткізу үшін екі жақты байланыстармен қатар көп жақты байланыстарды да дамытуда. Шығыстық бағытты дамытуда Экономикалық ынтымақтастық ұйымындағы Иранның орталық рөлі маңызды экономикалық құрал болып табылады. Иран осы ұйым арқылы көрші елдермен сауда-экономикалық байланыстарын дамытып келеді. Бұл ұйымдағы мүше елдер төрт аймақты Парсы шығанағы мен Оңтүстік Азия, Орталық Азия мен Кавказды біріктіреді. Бұл мемлекеттермен байланыстар Иран өркениеті аймағындағы елдер тұрғысынан қарастырылады. Олардың арасындағы тарихи, мәдени, діни ұқсастықтарға байланысты «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясында Иран өркениеті аймағына кіретін елдерге басымдық беру туралы айтылады (Sazmand, 2019: 101). Сондай-ақ Иран соңғы жылдары сауда жасауда дамытуда Ресей басты мемлекет болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақпен (ЕАЭО) байланыстарын дамытуда. Иранның ЕАЭО байланыстары 2018 ж. еркін сауда туралы уақытша келісім жасауынан басталады және 2019 жылдан бастап бұл келісім күшіне енген болатын. 2023 жылы 25 желтоқсанда ЕАЭО және ИИР арасында еркін сауда аймағы туралы толыққанды келісімге қол қойылды. 2025 ж. 15 мамырдан бастап бұл келісім күшіне енді. 2024 ж. мамырда Иран ЕАЭО-да бақылаушы мемлекет мәртебесін алуға өтініш берсе, 2024 ж. желтоқсанда Иранға осы ұйымда бақылаушы мәртебесі беріледі.

Иранның «Шығысқа бетбұрыс» саясатында оның Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ)

мүше болуы маңызды орынды иеленеді. Шанхай ынтымақтастық ұйымының Батыстық бағытта болмауы және Иранның халықаралық көпполярлы жүйе құруға ұмтылысы оны осы ұйымның мүшесі болуға ұмтылысын күшейтеді. 2005 ж. ШЫҰ-да бақылаушы мәртебесіне ие болады. 2008 ж. Иранның бұл ұйымға толық қосылу тілегі оның ядролық бағдарлама мәселесіне байланысты қабылданбады. Еуразияның аумағының 60 және халқының 40 пайызын біріктіретін Шанхай ұйымына қосылу арқылы Иран көп полярлы жүйені қолдайтынын көрсетеді (Сейеди, 2024: 51). Ал 2023 ж. Самарқанд саммитінде оның толыққанды мүшелігі жүзеге асады. Иранның ШЫҰ-ға қосылуы оның сыртқы саясатындағы Шығыстық бағыттың күшейгендігін білдіреді. Иранның ШЫҰ-ға қосылуы оның санкцияларға қарсылық көрсетіп, халықаралық оқшаулану жағдайынан шығу мақсатында жасалды. Иранның ШЫҰ-ға мүше болуы екі тарапқа да пайдалы. Шанхай ұйымындағы елдермен байланыста Иранның геостратегиялық орналасуы, мол энергоқорлары тиімді болса, Иран өзінің қауіпсіздігін сақтауда осы ұйымға арқа сүйейді.

2024 жылы қаңтарда Иранның БРИКС ұйымына қосылуы оның Шығыстық бағыттағы саясатының дамуын көрсетеді. Иран осылайша Батыстық емес елдермен, соның ішінде Ресей, Қытай, Үндістан мүшесі болып табылатын екінші үлкен ұйымның мүшесіне айналды. Бұл санкция жағдайындағы Иран үшін дамушы елдермен сауда-экономикалық байланыстарын дамытуға мүмкіндік береді (Ранджбар, 2024:138).

Қорытынды

Осы тақырып шеңберіндегі зерттеулерді сараптай келе, Иранның сыртқы саясатындағы «Шығысқа бетбұрыс» бағытының қалыптасуына ішкі және сыртқы факторлар әсер еткенін атап өтеміз. Иракпен соғыстың аяқталуы және оның әлеуметтік-экономикалық зардаптары, Иранда «Хомейни кезеңінің» және әлемде биполярлы кезеңнің аяқталуы Иранның сыртқы саясатында Шығыстық бағыттың дамуына әкеледі.

«Шығысқа бетбұрыс» бағытының дамуы 1990 жж. басталғанымен, негізінен ядролық мәселеге байланысты Батыстың қысымы артқан сайын Иран сыртқы саясатының стратегиясына айналды. «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясы 2005 жылдан бастап билікте болған Иран президенттері тұсында әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылды. Президент М.Ахмадинежад тұсын-

да Шығыспен байланыстар оқшаулануға және Батыстың қысымына қарсы тұру құралы ретінде қарастырылады. Иран Ресей, Қытай және Үндістанмен әртүрлі салаларда, соның ішінде қауіпсіздік және экономикалық байланыстарын күшейтеді. Президент Хасан Роухани Батыспен байланыстарды дамыту саясатын ұстанады және Шығыспен байланыстарды да жоққа шығармайды. Оның билігі тұсында Еуразиялық мемлекеттермен байланыстар тереңдетіледі. Ал президент И. Раиси тұсында Иран дамып жатқан Шығыс елдерінің одақтасы ретінде қарастырылады. Оның билігі тұсында Қытаймен стратегиялық келісім жасалады және Иран ШЫҰ-ға қабылданады. Қазіргі президент М.Пезешкиан тұсында да «Шығыстық бағыт» өзінің маңыздылығын сақтап отыр.

«Шығысқа бетбұрыс» стратегиясының дамуы өзгерістерге ұшырады, ол бірде күшейіп, бірде әлсіреп отырды. Оған АҚШ-тың саясаты, әлемдегі халықаралық жағдай, Таяу Шығыстағы жағдай өзінің әсерін тигіз отырды. Иранның сыртқы саясатында «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясына екі кезеңде басымдық берілді. Біріншісі, президент М.Ахмадинежад тұсында, яғни ядролық мәселеге байланысты Батыстың қысымының артуымен байланыстырылады. Екінші рет, 2018 ж. Д.Трамп бастамасымен Вашингтонның «ядролық келісімнен» шығуымен, бұл бағыттың басымдығы қазірге дейін жалғасып келеді.

Иранның «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясын Иранның Батыстың қысымына қарсы ұстанымы ретінде қарастыруға болады. Осы саясат арқылы Иран Батыстың санкцияларына қарсы тұру, аймақтағы елдермен байланыстарын жақсарту, Қытай және Ресеймен байланыстарын тереңдету бағытын ұстанып келеді. Иранның Қытай және Ресеймен стратегиялық келісімдер жасауы, Ресей және Қытай мүшелері болып табылатын Шанхай Ынтымақтастық және БРИКС ұйымдарына мүше болуы, аймақтық саясаты, соның ішінде Экономикалық ынтымақтастық ұйымы және Еуразиялық экономикалық одақ елдерімен сауда-экономикалық байланыстарды дамыту «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясының маңыздылығын көрсетеді.

«Шығысқа бетбұрыс» стратегиясы тек Батыстың қысымына қарсы тұру емес, оның геосаяси және геоэкономикалық бағыттары Иран үшін маңызды. Қытай және Үндістан – Иранның энергоқорларының негізгі тұтынушысы. Қытайдың «Бір белдеу-бір жол» және «Солтүстік-Оң-

түстік» ХҚД жобаларына Иранның қатысуы да «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясы аясында жүзеге асуда.

Иран «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясын өзін-өзі қамтамасыз ететін қоғам құру саясатымен өзара байланыстыру негізінде Барак Обама тұсында салынған ең көп санкцияларға және Д.Трампың жоғарғы қысымына қарсылық көрсете алды. Батыстың Иранды оқшаулау саясаты жүзеге аспады.

«Шығысқа бетбұрыс» стратегиясының теріс салдары туралы да пікірлер айтылады. Шығыстық бағытқа ұзақ мерзімде басымдық беру Иран сыртқы саясатындағы бір жақтылыққа алып келеді. Батыс елдерімен байланыстардың рөлі азаяды. Осы тұрғыдан алғанда сыртқы саясатта Шығыс пен Батыс тепе-теңдігінің сақталуы Иран үшін де, Батыс үшін маңызды болар еді. Сондай-ақ тығыз экономикалық байланыстар Иранның Қытайға тәуелділігін арттырады деген көзқарастар таралған. Иран да Шығыс елдерімен байланыста сақтық танытуда. Иран бұл елдерге тәуелді болуды қаламады, осы елдермен ынтымақтастық арқылы өзін-өзі қамтамасыз ететін дамыған елге айналуы мақсат етеді.

Иранның Ресей және Қытаймен байланыстарына АҚШ-тың ықпал ететіні сөзсіз. Батыс Иранға қысымын жалғастырса, Иранның Шығыспен ынтымақтастығы арта береді. Екінші жа-

ғынан, бұған АҚШ-тың Ресей және Қытаймен байланыстары да әсер етеді. Егер Ресей-Украина қарым-қатынасы реттеліп жатса бұл да өзінің әсерін тигізеді. Шығыс елдері де Иранмен байланыста сақтық танытып, қарым-қатынасын абайлап жүргізуде.

Қорытынды жасасақ, Иран «Шығысқа бетбұрыс» стратегиясы бойынша Ресей және Қытаймен саяси және экономикалық байланыстарын дамыта отырып, Батыстың санкцияларына қарсы тұра алды. Батыстың қысымы артқан сайын Иран Шығыстық бағытты күшейте берді. Әрине Ресей мен Қытайдың Иранмен байланыстарында мәселелер де бар. Ресей мен Қытай Иранмен байланыстарында АҚШ тарапынан санкцияларға ұшырауы мүмкін. Иран өзінің Қытайға тәуелді болғанын қаламайды. Қытайдың АҚШ-пен экономикалық бәсекелестігі және Ресей мен АҚШ арасындағы қайшылықтар Иранды осы екі мемлекетке жақындата түсті. Иранның Батыспен, соның ішінде АҚШ-пен қайшылықтарына байланысты «Шығысқа бетбұрыс» бағыты көптеген жылдар бойы Иран сыртқы саясатының негізі болып сақталуы мүмкін. Сондай-ақ қазіргі жүргізіліп жатқан АҚШ-Иран келіссөздері нәтижелі болса, Иранның сыртқы саясатында Шығыстық бағыттың дамуы сақталғанымен, Батыс елдерімен байланыстар да дамитыны анық.

Әдебиеттер

- Adami, Ali. (2010). *Negah be Shargh dar Syasate Khareji Iran: Didgah, Zamine hava Forsat ha* [Looking East in the Foreign Policy of the Islamic Republic of Iran: Opinions, Foundations and Opportunities]. *Political Studies Quarterly*, Spring, Vol. 2, No. 7; pp. 97-126. (In Persian)
- Azizi, Hamidreza. (2023). Iran's "Look East" Strategy: Continuity and Change under Raisi // file:///D:/Users/MECGA_Issue-Brief-17_Hamidreza-Azizi_Final-WEB-1.pdf
- Askari, Amir Hossein, Zarei, Mohammad. (2020). Towards the East: Iran's Foreign Policy in Ahmadinejad Era—Based on James Rosenau's Continuity Theory // *International Relations and Diplomacy*, June 2020, Vol. 8, No. 06, 240-250
- Baizidi, Rahim (2021). *Rahburd negah be Shargh dar Syasate Khareji Iran; mualefha-ye rahburdi va tahavalot-e ayande // Fasl'nāmeḥ-ye ayande-ye pājuhi rahburdi*. 1401, №2, 137-159. (In Persian)
- Гарбузарова Е. Г. (2024). Геополитический треугольник «Россия-Иран-Китай» в условиях глобальных трансформаций // *Ойкумена. Регионоведческие исследования*. 2024. № 1. С. 166–175.
- Зелтынь А.В., Зелтынь Л.А., Хатаи Д. (2024). Масуд Пезешкиан и иранский «Взгляд на Восток» // *Россия в глобальной политике*. 2024. Т. 22. № 5. С. 179–192.
- «Новая холодная война» в Азии. Глобальное и региональное измерение: монография / под ред. Д.В.Стрельцова – Москва: Аспект Пресс, 2025. – 285 с.
- Нури, Али Реза (2025). Фактор выбора: главные цели Договора о всеобъемлющем стратегическом партнерстве между Ираном и Россией // URL: <https://ru.valdaiclub.com/a/highlights/faktor-vybora/>
- Сажин, 2021 – *Сажин В.* Иран и Китай: стратегический союз? // URL: <https://interaffairs.ru/news/show/29749>
- Сажин, 2025 – *Сажин В.* Дональд Трамп и Иран // URL: <https://interaffairs.ru/news/show/50830> (12.03.2025)
- Sanaei, Mehdi and Karami, Jahangir (2021), "Iran's Eastern Policy: Potential and Challenges", *Russia in Global Affairs*, Vol. 19, No. 3, pp. 25-49,
- Sazmand, Bahareh. (2019). Look East Policy: Regional Policy of Iran Towards Countries Located in the Sphere of the Iranian Civilization // *Journal of Iran and Central Eurasia Studies*, Summer 2019, 2(1): 93-107

- Safari, Asgar (2024). Othering in the «Lookinh to the East» Policy of the Islamic Republic of Iran and the Russian Federation // *Journal of Central Eurasia Studies* Vol. 17 No. 1, Spring & Summer 2024, pp. 255-281 (In Persian)
- Сейеди Асл С., Джан З.А. (2024). Значение ШОС в политике «Взгляд на восток» Исламской Республики Иран с геополитической точки зрения // *Ближний и Постсоветский Восток*. – 2024. – № 2 (6). – С. 49–66.
- Syed Qandil Abbas. (2023). Iran's Look East Policy: A Step towards Countering Western Pressures // *NDU Journal* 2023 Pp.59-72
- Ранджбар М.Д. Навигация по идеалам и реальности: взаимодействие идеологии и прагматизма во внешней политике Ирана после 1979 г. // *Ближний и Постсоветский Восток*. – 2024. – № 2 (6). – С. 121–142.
- Roomi, Farshad. (2023, Spring) “Transition in Strategic Priorities of the Islamic Republic Foreign Policy: From ‘Neither East, Nor West’ to ‘Look to the East’,” *Fasl’ nāmeḥ-ye siyāsāt* (Politics Quarterly) 53, 1: 135-161. (In Persian)
- Федорова И.Е. (2018). Перспективы развития взаимодействия в треугольнике «Россия-Иран-Индия» // *Труды Инс-та востоковедения РАН*. Вып. 15: Россия и Иран: пять веков сотрудничества. - М.: ИВ РАН, 2018.-С.359-366
- Чабиева Т.С. (2024). Россия и Иран в XXI в.: основные итоги взаимодействия и международного сотрудничества // *Ближний и Постсоветский Восток*. – 2024. – № 2 (6). – С. 88–102.

References

- Adami, Ali. (2010). Negah be Shargh dar Syasate Khareji Iran: Didgah, Zamine hava Forsat ha [Looking East in the Foreign Policy of the Islamic Republic of Iran: Opinions, Foundations and Opportunities]. *Political Studies Quarterly*, Spring, Vol. 2, No. 7; pp. 97-126.
- Azizi, Hamidreza. (2023). Iran's “Look East” Strategy: Continuity and Change under Raisi // file:///D:/Users/MECGA_Issue-Brief-17_Hamidreza-Azizi_Final-WEB-1.pdf
- Askari, Amir Hossein, Zarei, Mohammad. (2020). Towards the East: Iran's Foreign Policy in Ahmadinejad Era–Based on James Rosenau's Continuity Theory // *International Relations and Diplomacy*, June 2020, Vol. 8, No. 06, 240-250
- Baizidi, Rahim (2021). Rahburd negah be Shargh dar Syasate Khareji Iran; mualefha-ye rahburdi va tahavalot-e ayande // *Fasl’ nāmeḥ-ye ayande-ye pajuhi rahburdi*. 1401, №2, 137-159. (In Persian)
- Garbuzarova E. G. (2024). Geopoliticheskij treugol’nik “Rossija-Iran-Kitaj” v uslovijah global’nyh transformacij // *Ojkumena. Regionovedcheskie issledovanija*. 2024. № 1. S. 166–175.
- Zeltyn’ A.V., Zeltyn’ L.A., Hatai D. (2024). Masud Pezeshkian i iranskij «Vzgljad na Vostok» // *Rossija v global’noj politike*. 2024. T. 22. № 5. S. 179–192.
- «Novaja holodnaja vojna» v Azii. Global’noe i regional’noe izmerenie: monografija / pod red. D.V.Strel’cova – Moskva: Aspekt Press, 2025. – 285 s.
- Nuri, Ali Reza (2025). Faktor vybora: glavnye celi Dogovora o vseob#emljushhem strategicheskom partnjorstve mezhdu Iranom i Rossiej // URL: <https://ru.valdaiclub.com/a/highlights/faktor-vybora/>
- Sazhin, 2021 – Sazhin V. Iran i Kitaj: strategicheskij sojuz? // URL: <https://interaffairs.ru/news/show/29749>
- Sazhin, 2025 – Sazhin V. Donal’d Tramp i Iran // URL: <https://interaffairs.ru/news/show/50830> (12.03.2025) (In Russ.)
- Sazmand, Bahareh. (2019). Look East Policy: Regional Policy of Iran Towards Countries Located in the Sphere of the Iranian Civilization // *Journal of Iran and Central Eurasia Studies*, Summer 2019, 2(1): 93-107
- Sanaei, Mehdi and Karami, Jahangir (2021), “Iran's Eastern Policy: Potential and Challenges”, *Russia in Global Affairs*, Vol. 19, No. 3, pp. 25-49,
- Safari, Asgar (2024). Othering in the «Lookinh to the East» Policy of the Islamic Republic of Iran and the Russian Federation // *Journal of Central Eurasia Studies* Vol. 17 No. 1, Spring & Summer 2024, pp. 255-281 (In Persian)
- Sejedi Asl S., Dzhan Z.A. (2024). Znachenie ShOS v politike «Vzgljad na vostok» Islamskoj Respubliki Iran s geopoliticheskoy točki zrenija // *Blizhnij i Postsovetskij Vostok*. – 2024. – № 2 (6). – S. 49–66.
- Syed Qandil Abbas. (2023). Iran's Look East Policy: A Step towards Countering Western Pressures // *NDU Journal* 2023 Pp.59-72
- Randzhbar M.D. Navigacija po idealam i real’nosti: vzaimodejstvie ideologii i pragmatizma vo vneshnej politike Irana posle 1979 g. // *Blizhnij i Postsovetskij Vostok*. – 2024. – № 2 (6). – S. 121–142.
- Roomi, Farshad. (2023, Spring) “Transition in Strategic Priorities of the Islamic Republic Foreign Policy: From ‘Neither East, Nor West’ to ‘Look to the East’,” *Fasl’ nāmeḥ-ye siyāsāt* (Politics Quarterly) 53, 1: 135-161. (In Persian)
- Fedorova I.E. (2018). Perspektivy razvitija vzaimodejstvija v treugol’nike «Rossija-Iran-Indija» // *Trudy Ins-ta vostokovedenija RAN*. Vyp. 15: Rossija i Iran: pjat’ veokov sotrudnichestva. - M.:IV RAN, 2018.-S.359-366
- Chabieva T.S. (2024). Rossija i Iran v XXI v.: osnovnye itogi vzaimodejstvija i mezhdunarodnogo sotrudnichestva // *Blizhnij i Postsovetskij Vostok*. – 2024. – № 2 (6). – S. 88–102.

Авторлар туралы мәлімет:

Базаркулова Бакытгуль Копбаевна – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты, Алматы, Қазақстан
Габдуллин Кенжебек Тулепбергенович – PhD, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

Information about authors:

Bazarkulova Bakytgul K. – Doctoral student Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
Gabdullin Kenzhebek T – PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Сведения об авторах:

Базаркулова Бакытгуль Копбаевна – докторант КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.
Габдуллин Кенжебек Тулепбергенович – PhD, КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Келін түсті: 14 сәуір 2025 жыл
Қабылданды: 13 тамыз 2025 жыл